**Бекітемін:**
**Мектеп директоры: Ш.Б.Адилов**

**2023-2024 оқу жылына арналған сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысының жоспары**

***Әдістемелік мақсаты:***
Тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы, оқушы бойына патриотизмді, азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтына тәрбиелеу

| Жұмыс мазмұны | Уақыты | Жауапты | Қаралатын орны |
|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру жұмыстары** | | | |
| 1. Өзара тәжірибе алмасу бағытында сынып сағаттарына қатысу | Үнемі | | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |
| 2. Күнделікті сабақ жоспарларының жазылу барысын бекіту | Үнемі | | |
| 3. Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының орындалуын жүзеге асыру | Үнемі<br>Әр тоқсан сайын | | |
| 4. Сынып сағаттары, сыныптан тыс кештер мен ертеңгіліктердің өтілуіне талдау жасау | Жыл бойы | | |
| 5. Бірлестік мүшелерінің өзекті тақырыптарына қорытынды жасау | Жыл бойы | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары | |
| 6. Әр сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді қолдану | Үнемі<br>Уақытында | Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі | |
| 7. Сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында көрнекі құралдарды тиімді пайдалануын қадағалау | Жыл бойы<br>Үнемі | Сынып жетекші | |
| 8. Оқушылардың үйірмелерге, пәндік апталықтарға көбірек қатысуын қамтамасыз ету | Үнемі<br>Айына 1 рет | Тәлімгер<br>Әлеуметтік педагог | |
| 9. Сынып белсенділерінің, дарынды оқушылардың жұмысын анықтау және олармен жұмыс жүргізу | Үнемі<br>Үнемі | Мектеп психологы | |
| 10. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу | Тоқсан сайын | | |
| 11. Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу | | | |
| 13. Жас сынып жетекшілерінің сабақтарына қатысып, көмек көрсету | Тоқсан сайын<br>Жосп.түрде | | |
| 14. Озық тәжірибелі, жаңашыл | Үнемі | | |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| жетекшілердің іс-тәжірибесін оқып-үйрену<br>15. Бірлестік отырысында сынып жетекшілерінің есебін, тәжірибесін тарату, шығармашылығының есебін тыңдау, бағалау, насихаттау.<br>16. Әр тоқсан соңында сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары туралы есебі<br>17. Ай сайын бірлестік отырысын өткізу<br>18. Сынып жетекшілерінің білімін жетілдіру мен көтеруде курстар мен семинарларға қатысу | | | |
| **Тамыз**<br>**Тақырыбы: «Тәрбие жоспары – сынып жетекшісінің шығармашылық зертханасы»** | | | |
| 1.Өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысының қорытындысын талдап, жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспарын бекіту.<br>2. Сынып жетекшілердің іс-әрекеттері және сынып ұжымының тәрбие жұмысына қатысты әдістемелік- нұсқаушылық құжаттармен таныстыру.<br>3. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарының мазмұнымен таныстыру. Мектептегі тәрбие жүйесінің негізгі бағыттарын анықтау. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының мазмұны және жоспарлау.<br>4. Сынып жетекшісінің қызметтік міндеттері және қызмет мазмұны. Сынып жетекшісінің құжаттамасы.<br>5. Мектеп оқушыларының сыртқы келбеті мен тәртібіне қойылатын бірыңғай талаптар.<br>6.Бірыңғай ұлттық тәрбие бағдарламасын тәрбие сағаттарына еңгізу<br>7.Қоғамдық ұйымдардың («Жас ұлан», «Адал ұрпақ») жұмыс жоспарын бекіту.<br>8. Республикалық «Мектепке жол» акциясын өткізу жұмысын ұйымдастыру. | | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |
| **Қыркүйек**<br>**Тақырыбы: «Білім мекемесіндегі өмір қауіпсіздігі»** | | | |
| 1. Білім күніне арналған тәрбие сағаттарының тақырыбын анықтау,сапалы өткізу бағытында жұмыстану<br>2. Жас сынып жетекшілермен жұмыс жоспарын құрып, оларға тәлімгерлер тағайындау | | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілер бірл. жетекшісі | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |
| | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қазан**<br>**Тақырыбы: «Тәрбие жүйесін ұйымдастырудың тиімді әдістері»** | | | |
| 1. Тәрбие жүйесі, сыныптағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдісі ретінде.<br>2. Сыныптың тәрбие жүйесі. Оқушылардың іс-әрекет түрлері.<br>3. Сынып жетекшілерінің өз білімін көтеру бағытында әдістемелік басылымдарға жазылуын ұйымдастыру.<br>4. Мектепішілік шаралардың, сынып сағаттарының, жоба, үйірме жұмыстарының сапасы.<br>5. Сынып сағаттарын өткізуде жаңа технологияларды қолдану (пікірлесу) | | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі | Директор жанындағы кеңес, сынып жетекшілер ӘБ отырысы |
| **Қараша**<br>**Тақырыбы: «Сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметі»** | | | |
| 1. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің рөлі<br>2. Тәрбие сағатын талдау үлгісі мен ұйымдастыру жолдары<br>3. Сынып жетекшісінің портфолиясы<br>4.Сыныптарда қыз балалар және олардың аналарымен бірлескен жұмысты ұйымдастырып, жандандыру<br>5. 1 - 4 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшінің сыныппен жұмысын бақылау<br>6. Сыныпта шығармашылық істер ұйымдастыру әдістемесі. | | Сынып жетекші<br><br>Сынып жетекші<br>Тәлімгер<br><br>Әлеуметтік педагог<br>Мектеп психологы | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |
| **Желтоқсан**<br>**Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу»** | | | |
| 1. Зорлық –зомбылықтың алдын алу жұмыстану<br>2. Оқушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесінің жағдайы<br>3. Ата-аналар жиналысын дайындау мен өткізу технологиясы<br>4. Сынып жетекшілерін мектепте өткізілетін шаралар, байқаулар, акцияларды өткізу бойынша нұсқаулық-әдістемелік хаттармен, ережелермен, БМ нұсқауларымен, тапсырма және бұйрықтарымен таныстыру | | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі | Директор жанындағы кеңес, сынып жетекшілер ӘБ отырысы |
| **Қаңтар**<br>**Тақырыбы: «Тәрбие қызметін сапалы жетілдіру»** | | | |
| 1.Сынып жетекшілердің жарты жылдық қорытынды есебін талдау<br>2.Шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілердің іс – тәжірибесімен | | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сынып | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| бөлісуі;<br>3. Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шаралары.<br>4. Тұлғаға бағытталған сынып сағаттарын дайындау мен өткізу технологиясы<br>5. Сынып белсенділерімен жұмыс. | | жетекшілер<br>Мектеп психологы<br><br>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшісі, мектеп психологы | Педагогика-лыққеңес, ӘБ отырысы |
| **Ақпан**<br>**Тақырыбы: «Оқушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі»** | | | |
| 1. Мектепішілік шаралардың, сынып сағаттарының, клуб, үйірме және секция жұмыстарының сапасы<br>2. Қиын балалармен жұмыс<br>3. Отан қорғаушылар күні мен 8 наурызды мерекелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.<br>4. Азаматтық-патриоттық тәрбие айлығын өткізу жоспары. Айлықты өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. | | Директор жанындағы кеңес, сынып жетекшілер ӘБ отырысы | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі |
| **Наурыз**<br>**Тақырыбы: «Бала тұлғасының дамуы және оның тәрбиесі»** | | | |
| 1.Сынып жетекшілердің ата-анамен байланыс жүйесін бақылау /ата-аналармен жұмыс дәптерлері/<br>2. «Жас Ұлан»балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жұмысы<br>3. Сынып жетекшісі және оқушылар ұжымын тәрбиелеу<br>4. 5 – 8 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшінің сыныппен жұмысын бақылау<br>5. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар | | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары<br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі<br>Мектеп инспекторы | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |
| | | | |
| **Сәуір - мамыр**<br>**Тақырыбы: «Оқушылардың жазғы еңбек қызметі мен жазғы демалысын ұйымдастыру»** | | | |
| 1. Сынып жетекшілерінің жыл бойғы жұмысына талдау жасау.<br>2. 9 – сыныптың жағдайын бақылау, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын қорытындылау<br>3. Соңғы қоңырау мен Мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.<br>4.Тәрбие қызметінің қорытындысын | | Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі<br>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| талдау, сынып жетекшілер жұмысындағы проблемалар<br>5. Жазғы демалысты ұйымдастыру, бала еңбегінің нашар түріне жол бермеу<br>6. Оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру | | | |

***<u>Мектепішілік тәрбие жоспарының тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру</u>***

***<u>Міндеттері:</u>***

1. Оқушы- Ата- ана-Мектеп үш одақтың байланысын нығайту.

2. Құқық бұзушылықтың, есірткі мен ішімдіктің, жол- көлік жарақатының алдын- алу шараларын жүзеге асыру.

3. Өз білімін жетілдіру арқылы, тәжірибе алмасу семинарлары арқылы, өзара тәрбиелік іс- шараларға қатысу арқылы,педагогтардың біліктілігін арттыру.

4. Педагогтардың белсенділігін арттыру, әдістемелік мәдениетін қалыптастыру және дамыту мақсатында,әдістемелік күн, семинар,тәжірибе презентациясын әдістемелік бірлестіктің отырысында өткізу.

5. Жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен шындыққа негізделген адамның лайықты өмірі (адалдық, құрмет, парасаттылық);

6. Өз өмірінің, қажеттіліктерінің және өзінің «Менін» басқа адамдармен байланыстырудың мәнін ұғыну;

7. Жергілікті қоғамдастықты жақсарту үшін белсенді қызметке тарту

***<u>Құндылықтар:</u>***

Scanned with CamScanner

- Білім беру үдерісінің негізгі құндылықтары құрметтеу, ынтымақтастық, жауапкершілік, адалдық, функционалдық сауаттылық, өмір бойы білім алу болып табылады.
- Құндылықтар мектеп өмірінің барлық кезеңдерінде, оның барлық аспектілері арқылы қалыптасады, оқушыларға оларды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оларды ұстануға және оларға сәйкес әрекет етуге көмектесетін әдістерді қамтиды.
- Құндылықтар мектеп өмірінің барлық аспектілерін қамтиды және ойлау, сезім, әрекеттер деңгейінде беріледі.
- Құндылықтар сабақтарда оқытылады, сондай-ақ оқушылардың сабақтан тыс және мектептен тыс іс-әрекеті арқылы қалыптасады, отбасында сақталады

***Жобалар***

**Мақсаты:** құрмет, адалдық, қатыстылық, берілгендік, елі үшін мақтаныш, халқына деген эмоционалды жақындық, ел алдындағы борышын сезіну және жеке мүддесінен бұрын халқын ойлау, оқу, жазу және пайымдау дағдыларын дамыту арқылы мемлекеттің дамуына маңызды үлес қосу арқылы сындарлы патриоттықты қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- құндылықтардың тұтастығы, жағымды ойлау, жақсы мінез-құлық, өзін және өзгелерді сөзсіз қабылдау, қоғамдастықтың және халықтың өмірін жақсартуға қатысу, ынтымақтастықта болу, мұғалім мен оқушы білімінің, сезімдерінің және әрекеттерінің байланыстарымен айқындалатын адамгершілікті;

- дені сау болудың пайдалы екендігі, салаутты өзін-өзі ұстау дағдылары, мұғалім мен оқушының өмір салты денсаулықты сақтау және дамытуды айқындайтын біртұтас денсаулық мәдениеті;

**Жобаларды жүзеге асыру қағидаттары:**

- негізін пәнаралық тәсіл құрайды;

- басты дағдыларға оқу, жазу және пайымдау дағдылары жатады;

- қатысу, ынтымақтастық, білім, түсіну, эмоционалдық бірге алаңдау және сезімдердің дамуына үлес қосу, қоғамның жақсаруы үшін еңбек сіңіруге дайын

Scanned with CamScanner